

Көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Байтуған ауылының әкімінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қазанда № 4403 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 4 шілдедегі қорытындысына сәйкес , Нұра ауданы Байтуған ауылының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра ауданы Байтуған ауылының көшелері:
Озерная және Школьная көшелері Атамекен көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл әкімінің
міндеттерін атқарушысы*

К. Темиров